

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 қараша N 1547. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209_ Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, протездік-ортопедикалық бұйымдардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медицина техникасының, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 P000378_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 145-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесін бекіту туралы";

к і р і с п е д е :

"Заңының 57 және 71" деген сөздер "Кодексінің 232 және 234" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Заңының" деген сөзден кейін "(Салық кодексі)" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы

бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесі бекітілсін";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, протездік-ортопедиялық бұйымдардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медицина техникасының, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесі";

1-бағанның жолындағы "3204 13 000 (*,**)" коды "-ден" деген жалғаумен толықтырылсын;

2-бағанның жолындағы "3204 13 000 (*,**)" коды "фармацевтика" деген сөзден кейін "және медицина" деген сөздермен толықтырылсын; 2-бағанның жолындағы "39 (*,**) тобынан" коды "фармацевтика" деген сөзден кейін "және медицина" деген сөздермен толықтырылсын; 2-бағанның жолындағы "3909 50 000 (*)" коды "өндірісі кезінде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ оптикалық линзаларды жылтырату үшін" деген сөздермен толықтырылсын; 1-бағанда: "4014 90 (*,**)" тауар кодынан кейінгі жол "-нан" деген жалғаумен толықтырылсын; "9003" коды мынадай редакцияда жазылсын: "9003-тен (9003 19 100-ден басқа)" "9018" тауар коды мынадай редакцияда жазылсын: "9018-ден (901820 00-ден басқа)"; 2-бағанның жолындағы "9018" коды "аспаптар" деген сөзден кейін "(солярйерлерден басқа)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын: "2851 00 100 (*,**) медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын -ден: дистилденген және кондуктометриялық су мен тазалығы осындай су _____

_____ 3301 (*,**)-ден: фармацевтика өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын эфир майлары; 3307 90 000 (*) контактілі линзаны немесе көз протездерін -ден: сақтауға арналған ерітінділер _____

_____ 3503 00 100 (*,**) медициналық мақсатта пайдаланылатын желімтек -ден: және оның туындылары;

3503 00 800 (*,**) дәрілік заттарды дайындау үшін пайдаланылатын -ден: қатты желімтек қабықтар; 3506 91 000 (*,**) медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау -ден: үшін пайдаланылатын каучук негізінде жасалған балқытылған желім; 3507 (*,**) -ден: медицинада пайдаланылатын, басқа жерде аты аталмаған ферменттер (энзимдер), ферменттік препараттар _____

_____ 3807 00 (*,**) -ден: фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын қара май _____ 3920 (*,**) -

ден: фармацевтика және медицина өнеркәсібінде пайдаланылатын поливинилхлоридтен жасалған бұйымдар; 3926 90 990 (*,**) медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын поливинилхлоридтен жасалған бұйымдар (көзге сұйық тамызатын пипеткалар, спринцовкалар, жылытқылар, сүтсорғыштар, балалардың тісін қатайтуға арналған сақиналар мен Эсмарх саптыаяғы) _____

_____ 4014 90 900 (*,**) медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын -ден: резеңке жылытқыштар мен резеңке спринцовкалар _____

_____ 4803 00 900 (*,**) медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау үшін -ден: пайдаланылатын целлюлозалық талшықтан жасалған 36 см-ден астам орамдағы мата _____

_____ 4811 39 000 (*,**) медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау үшін -ден: пайдаланылатын жоғары молекулярлық полимер сіңірілген ауа өткізгіш қағаз; 4823 90 (*,**) медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау үшін -нан: пайдаланылатын ені 15 см-ден кем орамдағы жабынды қағаз _____

_____ 5603 (*,**) -тен: медицина өнеркәсібінде пайдаланылатын химиялық талшықтардан жасалған тоқыма емес материал; 5603 11 900 (*,**) медициналық мақсатта пайдаланылатын тығыздығы -ден: 17-25 тоқыма емес материал; 5603 12 900 (*,**) медициналық мақсатта пайдаланылатын тығыздығы -ден: 25-70 тоқыма емес материал _____

_____ 7001 00 910 (*,**) фармацевтика өнімін дайындау кезінде қолданылатын -нан: оптикалық шыны; 7010 (*,**) -нан: дәрілік заттарды өндіру және антибиотиктерді стерилді салу кезінде пайдаланылатын сауыттар; 7010 20 000 (*,**) дәрілік заттарды өндіру және антибиотиктерді -ден: стерилді салу кезінде пайдаланылатын тығындар, қақпақтар мен басқа да осындай бұйымдар _____

_____ 8001 20 000 (*,**) линзаларды бекітуге арналған жеңіл қорытылған -ден: металл (Вуда қорытпасы)" _____

_____ 2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мамандар: Багарова Ж.А.,
Ж ұ м а н а з а р о в а А . Б .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК